



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОЙЫ БҰЗЫЛҒАН АДАМДЫ ТҮРМЕ ДЕ, ЕМ ДЕ ТҮЗЕМЕЙДІ



Жыл соңына дейін 32 педофил бостандыққа шығатынын естіген жұрт күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Өгей емес, өз әкесінен қорлық көріп жатқан бүгінгі қоғамда балаңды түні бойы кірпік қақпай күзетіп отыратын халге жеткеніміз жасырын емес. Оның үстіне жазасын өтеп келгендердің өз ісіне өкініп, тәубеге келетіндері некен-саяқ. Темір тордан шыққан соң тиісті қадағалаудың қаншалықты жүзеге асатынын – бірінші әрекетін бірнеше рет қайталап, істі болып жатқан азғындардың артықшылығымен бағалауға болатындай. Қорқыныштысы сол, бұл жолы бостандыққа шығатын педофилдерге химиялық кастрация қолданылмайды. Өйткені, олардың барлығы соңғы заңға тиісті түзетулер енгізгенге дейін жазаланғандар.

(Соңы 4-бетте)



КЕҢЕС ЖОЛДАУЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

2-бет



ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚОЛДАН ЖАСАЛУДА

3-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Жанділдә ЖАҚЫПОВ, «Қазақстан медиаторлар қауымдастығы» ЗБТ төрағасы:

«МЕДИАТОРЛАР ЖЕТІМ БАЛА СИЯҚТЫ»

– Медиация термині таңсық болғанымен, оның мазмұны халқымызға ежелден жақсы таныс. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген ұстаныммен өмір сүрген дана халқымыз аталы сөзге тоқтап, кез келген дауды бітімгерлікпен шешкен. Айтыңызшы, жаңа заңды халық сол кезде қалай қабылдаған еді?

– Иә, «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгеніне 5 тамызда 10 жыл болады. Медиацияның мән-маңызын қара қылды қақ жарған қазы, билерді көре аламыз. Бірақ аздаған айырмашылық та бар. Олар дау-дамайды өздері шешкен, ал медиаторлар өз алдына шешім шығармайды.

(Соңы 5-бетте)

ЖОҒАРҒЫ СОТ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: ЖАҢА ЖОБАДАҒЫ ЖАСАМПАЗ ШЕШІМ

ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ ЖАҚЫП АСАНОВ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРҒАНДАР ҮШІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР ӨТКІЗІП, ОНЫҢ БАРЫСЫНДА ЖАҢА ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ (ӨРПК) ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРДІ. ОНЛАЙН ДӘРІСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ БАРЛЫҚ БУЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ – МИНИСТРЛЕРДЕН, ӘКІМДЕРДЕН ЖӘНЕ АППАРАТ БАСШЫЛАРЫНАН БАСТАП, АУДАН, ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНЕ ДЕЙІН ТЫҢДАДЫ. ЕКІ КҮНДЕ ҮШ ЖАРЫМ МЫҢ АДАМ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛДЫ.

Төраға өз сөзінде ӘРПК-нің елдің дамуы үшін маңыздылығына тоқталды. «Кодекс соттардың ғана емес, сонымен бірге, барлық мемлекеттік органдардың қызметінде де көп нәрсені өзгертеді. Ең үлкен қателік – оны дұрыс бағаламау. Сіз тиімді менеджер

бола аласыз, ірі-ірі жоспарларыңыз, жобаларыңыз, идеяларыңыз бар делік. Бірақ ӘРПК-ні елемейтін болсақ, егер оған тиісті мән бермесек және бұл қарапайым орындаушылардың міндеті деп есептесек, онда қиындықтарға кез боларымыз анық», – деп ескертті.

Азаматтар, кәсіпкерлер және мемлекеттік органдар арасындағы даулар туралы айта келе, Жоғарғы Сот төрағасы бұған дейін осы мәселенің теңдік пен жарыспалылық (АПК бойынша) қағидаттарының негізінде шешілгенін, өзіне неғұрлым сенімді болған адамды жеңуге мүмкіндік бергенін атап өтті. Яғни, өз заңгері бар адам штатында заңгерлері мен сарапшылары бар тұтастай бір мемлекеттік органмен немесе әкімдікпен дауласуға мәжбүр болды. Нәтижесінде 85% жағдайда сотта мемлекеттік орган ұтып отырды.

Бұдан 10 жыл бұрын басқа елдерде енгізілген әкімшілік әділет мұндай даулардың 84%-ын азаматтар мен бизнестің пайдасына шешкен болатын. Сондықтан Президент өзінің 2019 жылғы алғашқы жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі құралы ретінде әкімшілік әділетті енгізуді тапсырды.

(Соңы 2-бетте)

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БАҒАСЫН ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Нарықтың дамуын реттейтін Антимонополиялық комитет бізде дұрыс жұмыс істемейді. Құрылыс материалдарын өндірумен, сатумен айналысатын компаниялар да өзара келісімге келіп, бағаны өздері белгілейді. Ол материалдың өзіндік құнынан бір емес, бірнеше есе артық болуы да мүмкін. Әйтпесе, бізде цемент те, бояу да, металл бұйымдары да өндіріліп жатыр. Жақында ұлым үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізді. Оның айтуынша баға былтырғы жылмен салыстырғанда 2 есе қымбаттаған. Бұл мәселенің жасанды түрде қымбаттатылғанын аңғару қиын емес.

Құрылыс материалдары нарығындағы бағаның соңғы жартыжылдықта күрт өсіп кеткені құпия емес. Алайда, бұл мәселе бойынша әлі күнге дейін құзырлы органдар тарапынан нақты шешім қабылданған жоқ. Өз бетімен дамып жатқан нарықтағы ахуал туралы жұртшылық пікірі қандай?

Елдос АБАҚАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі:

– Құрылыс материалдары бағасының қымбаттауы көп талқыланып жүрген мәселелердің бірі. Биыл металл конструкциялары мен металдан жасалған материалдардың бағасы күрт өскенін біліп отырмыз. Мамандардың айтуынша оның бірнеше себептері бар.

Менің ойымша құрылыс материалдарының бағасын реттеу немесе оны тұрақты деңгейде ұстау үшін ең бастысы, ішкі нарықты толық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуіміз керек. Жақында Премьер-Министр есеп бергенде оған Президент те бағаны түсірудің механизмдерін қарастыру керек деп айтқан.

(Соңы 3-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

ЖОҒАРҒЫ СОТ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ:
ЖАҢА ЖОБАДАҒЫ ЖАСАМПАЗ ШЕШІМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Мен турасын айтып отырмын. Енді бұрынғыдай болмайды. Алдағы 1 шілдеден бастап жағдай түбегейлі өзгереді. ӘРПК-нің талаптарын бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар енді сіздердің жеке бюджеттеріңізге салмақ түсіретін болады», – деді ол.

Жоғарғы Сот төрағасы өз сөзінде мемлекеттік органның міндеттері мен қағидаттарын, құқықтары мен жауапкершілігін нақты айқындап берді.

Осы орайда, әкімшілік актіге және әкімшілік рәсімдерге анықтамалар берілді. Кодекстің 12 қағидасы туралы да айтылды. Жаңа қағидаттардың қатарында сенім құқығын қорғау, мөлшерлестік, құқықтардың басымдығы, ресми талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу қағидаттары бар. Әкімшілік іс жүргізу туралы айта келіп, ол өз сөзінде мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы қағидаты туралы толығырақ әңгімелеп берді. Енді өз шешімінің заңдылығы мен

негізділігін дәлелдей алмаса, мемлекеттік орган ұтылатын болады, яғни ӘРПК оларды тәртіпке салады. Сотта ескерту, сот залынан шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алу сияқты процесстік мәжбүрлеудің жаңа құралдары пайда болды.

Мемлекеттік органдармен даулардағы бір жаңашылдық – татуласудың мүмкіндігі. Осы орайда, әкімшілік сот ісін жүргізу мен орындаудың ақылға қонымды мерзімі аталып өтілді. Шешімнің орындалмағаны үшін сот мемлекеттік органға және кез келген шенеунікке айыппұл сала алады.

Төраға әкімшілік әділетті енгізгеннен кейін, басқа елдердің тәжірибесі бойынша, мемлекеттік органдарға қарсы қойылатын талаптардың күрт өсетінін айтты. Сонымен бірге, ол әкімшілік әділетті тәуелсіздігіміздің бүкіл тарихындағы ең түбегейлі реформалардың бірі екенін атап көрсетті.

«Қаласақ та, қаламасак та, әкімшілік әділет қатардағы орындаушыдан бастап, министр мен әкімге дейін жаңаша ойлауды міндеттейді. ӘРПК біздің қоғам мен Мемлекет басшысы күткен үмітке қаншалықты сәйкес келетінімізді білдіретін емтихан іспетті», – деп түйіндеді министрліктер мен ведомстволар өкілдеріне арналған семинардағы сөзін Ж. Асанов.

Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі

БАҚЫЛАУ

ҚАУІПСІЗ ЖОЛДЫҢ ҚАМЫ ҮШІН

«Басшысыз үйде бала азар.

Тәртіп жоқ жерде жан азар», – деген ақын Фариза Оңғарсынованың сөзі бүгін де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Көпшілік үшін қоғамдық орындарда тәртіп сақтау маңызды. Тіпті темір жолда жүйткіген пойыздардың ішінде де, сыртында да жолаушылар тәртіп сақтауы тиіс. Қасақана немесе абайсызда тәртіпсіздік жасап, түрлі қылмысқа барған жолаушыларды жаза күтіп тұр. Себебі, Көліктегі полиция департаменті Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімі әрбір пойыздағы тәртіпті жіті бақылауға алған.

Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімі өңірдегі криминалға жағдайды бірқалыпты сақтап отыр. Бөлім полицейлеріне жедел-қызметтік жұмыстары нәтижесінде қылмыстардың ашылу көрсеткіші артқан.

– Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызмет ету аймағында есірткіге қатысты құқық бұзушылықтарды анықтау бағытында кең ауқымды жедел іздестіру іс-шаралары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде осы жылдың 5 айында көлік сакшылары есірткінің заңсыз айналымына байланысты 14 қылмыстық құқық бұзушылықты анықтады. 2021–2023 жылдарға арналған «Бөтеннің мүлкін қорғау» ІІМ бағдарламасы өз деңгейінде іске асырылуда. Көлік объектілерінде жолаушылар қауіпсіздігін сақтау мақсатында ІІМ-мен тапсырмасына сәйкес профилактикалық алдын алу іс-шаралары «Демалыс», «Құқықтық тәртіп», «Жасөспірім», «Мүлдем төзбеу-



шілік», «Қауіпсіз пойыз», «Қауіпсіз вокзал» акцияларын үнемі ұйымдастырып келеді. Жыл басынан темір жолдың белгіленбеген жерінен өткені үшін 494 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Дәулет Мақсұтов.

Полиция полковнигі Д. Амангелдіұлы өз сөзінде ұжымның алдағы уақытта да жемісті еңбек ететініне сенім білдірді.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Заң газеті»
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ АЙНАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында Президент қарапайым халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған түйінді мәселелерді көтеріп, атқарылуға тиіс бірқатар маңызды міндеттерді айқындап берді. Жолдауда мемлекеттік басқарудың жаңа моделі туралы, жаңа жағдайдағы экономикалық даму, теңгерімді аумақтық даму, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты, білім беру саласы, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, экология және биоәртүрлілікті қорғау, қылмыстық саланы жаңғырту, адам құқықтарын қорғау, цифрландыру, азаматтардың үкіметпен өзара іс-қимылы сияқты бірқатар басым міндеттер қамтылған.

Осындай басым міндеттердің қатарында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екендігіне ерекше назар аударды.

Атап айтқанда, Қ.Тоқаев: заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе,

әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім қабылдау.

Әділетті мемлекет ұғымы – бұл заңның үстемдігі. Оның үстіне, баршаның заң алдындағы теңдігі –

әділетті мемлекеттің қажетті шарты. Әділ мемлекеттің негізгі мақсаты сот төрелігі қағидаттарын сақтау, бірінші кезекте, адамды және азаматты, халықты қорғау мақсатында сот істерінің әділ және заңды шешілуін қамтамасыз ету.

Аталған жолдаудағы басымдықтарға зер салып, оны іс жүзінде орындасақ, онда еліміз таяу жылдарда еңсесін тіктеп, алға қарай қарыштай дамыр еді. Жолдауда негізге алынып отырған мәселе, халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту. Сондықтан, оны елдің игілігіне бағытталған тарихи құжат деп айтуымызға толықтай негіз бар.

Бұл тұрғыда, әрбір маман өз ісімізге жауапкершілікпен, ынтымақпен қарасақ мемлекет дамуына қосқан үлесіміз болары анық. Сонда ғана біз, жаңа жағдайдағы Қазақстанның, жаңа деңгейдегі даму кезеңіне қадам басамыз.

Н.ҚЫДЫРҒАЛИ,
Ақтөбе гарнизоны әскери
сотының сот приставы

МІНБЕР



Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «ҚР конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Конституциялық Кеңестің жыл сайынғы жолдауын жария етті.

КЕҢЕС ЖОЛДАУЫ
ЖАРИЯЛАНДЫ

Жолдауда Мемлекет басшысы жақында бекіткен, елдің орнықты өсуі жолына бағыт алуын қамтамасыз етуге арналған 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының, республиканың жалпыұлттық басымдықтарының және мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының прогрессивтілігі атап өтілді. Құжатта Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерінің орындалуына талдау жасалған.

Мәселен, оның құқықтық ұстанымдарын іске асыру үшін азаматтық сот ісін жүргізуде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларға қатысты өкіл-адвокаттың еңбегіне ақы төлеу мәселесі реттелген; психикалық ауытқуына орай мәжбүрлеп емдеуге ресімделетін адамдарға қатысты күштеп әкелуді қолдану тәртібі белгіленген; адамдарды республиканың шегінен тысқары жерге шығарып жіберу кезінде ұстап алу мерзімдері регламенттелген; құқық шығармашылығы жұмысының барлық сатыларын жаңғырту мәселелері бойынша түзетулер енгізілген; 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасын дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Конституциялық Кеңес елде құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту жөнінде нақты ұсыныстар енгізді.

Кеңес азаматтардың конституциялық бақылауға қол жеткізуін кеңейту қажет деп пайымдайды. Бұл бағытта соттардың Конституциялық Кеңеске өтініш жасау тәртібін, соттардың сот ісін жүргізуге қатысушылардың заңның конституциялылығын тексеруге бас-тамашылық жасау туралы өтініштерін қарау тәртібін жетілдіру өзекті. Ұсыныстардың жеке блогы адам құқықтары қорғауға қатысты.

Қылмыстық кодексті және өзге де заңнамалық актілерді (Қазақстан жақында ратификациялаған Олім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге) екінші факультативтік хаттаманы ережелерімен үйлестіруге қажеттігіне Парламенттің

назарын аударды.

Қылмыстық және әкімшілік заңнамада жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесіне, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшеріне, құқық бұзушының жеке басына және өзге де факторларға қарай жауаптылықты дараландыру және саралау үшін қосымша жағдайлар жасаған жөн.

Кеңес Қылмыстық процесстік кодексте соттарда қылмыстық істерді қараудың ақылға қонымды мерзімдерін айқындаудың жалпы өлшем шарттарын бекітуді, сондай-ақ сот ісін жүргізу мерзімдерін бұзғаны үшін өтемақыны жүзеге асыру шарттарын айқындау мүмкіндігін зерделеуді ұсынды.

Мүгедектер құқықтарының бұзылуын барынша азайту, оларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында халықаралық практикада қалыптасқан нормалар мен стандарттар кешенін барынша пайдаланған жөн.

Ақпараттық технологияларды қолдануды тереңдету цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңмен қорғалатын мәліметтерге қол жеткізу тетіктерін күшейту, сондай-ақ дәстүрлі құқықтық институттардың мазмұнын қайта пайымдау жөніндегі шаралармен қоса жүргізілуге тиіс.

Жеке адамға физикалық қол сұғылаушылыққа, адамның денсаулығына және оның қадір-қасиетіне қол сұғатын құқық бұзушылықтарға қарсы күрес шаралары зорлық-зомбылыққа тиімді қарсы іс-қимылды қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта, қажет болған жағдайда әкімшілік жазалар қылмыстық жауаптылық шараларымен үйлестірілуі мүмкін.

Конституциялық Кеңес адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша басқа да бірқатар ұсыныстар енгізді. «ҚР Конституциясы қоғам мен мемлекетті жан-жақты жаңғыртудың аса маңызды саяси-құқықтық негізі болып қала береді», – деп Конституциялық Кеңестің төрағасы өз сөзін қорытындылады.

Конституциялық Кеңестің
баспасөз қызметі

ІНДЕТ

КЕШЕНДІ ІС
НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Қазақстанның стратегиялық даму жоспары бойынша 2025 жылға қарай сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің көрсеткіші 35 балды құрауы тиіс. Transparency international халықаралық ұйымының 2019 жылғы статистикалық деректеріне сәйкес Қазақстан 34 балл алды және 180 елдің ішінде 113 орынды иеленді. Осыған орай рейтинг көшбасшылары 87 ұпаймен Жаңа Зеландия мен Дания болды. Қазақстан Орталық Азия бойынша үздік нәтижелер көрсетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің деректері бойынша біздің елімізге бірнеше табысты шешімдер бойынша осы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесті. Бұл жаңа заң: басшылардың бағыныштар арасындағы сыбайлас жемқорлық үшін дербес; НҚА жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасын қалпына келтіреді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің саясат саласындағы үйлестіруші

рөлін және мемлекеттік жеке секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер жүргізу жөніндегі құзыретті бекітеді.


Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тұлғасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Бейжің қаласында орналасқан ұйымның серіктесі және мүшесі болып табылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция негізінде БҰҰ басқармасымен ынтымақтасады.

Осы мәселені дамыта отырып, Қазақстан жыл сайын өз көрсеткіштерін жақсартады және сыбайлас жемқорлықпен тиісті түрде күреседі. Қазақстан өзінің бай тәжірибесін дамытады.

Ержан АРЫМБАЕВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының
жетекші маманы

МӘСЕЛЕ

«Qazindustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығының мәліметіне қарағанда, алғашқы тоқсанда еліміздің құрылыс материалдары нарығының көлемі 763 млн долларды құрады. Оның 68% отандық, 32% шетелдік. Үкімет құрылыс саласын экономиканың басты қозғаушы күші ретінде сипаттап жүргенін ескерсек, 2030 жылға дейін әлемнің бәсекеге қабілетті озық – 50, ал 2050 жылға дейін ең алдыңғы – 30 елдің қатарына кіруді алдына мақсат етіп



ҚЫМБАТШЫЛЫҚ
ҚОЛДАН ЖАСАЛУДА

қойып отырған мемлекет үшін бұл токмейілісін нәрсе емес. Өйткені, шикізаттың бәрі өзімізден шыққанына қарамастан, әлі күнге дейін өндіріс орындары өз қуатын толық жүзеге асыра алмауда. Осыған қарамастан кейде олар отандық өндірушілерді қолдау мақсатында мемлекет тарапынан отандық импорттық өнімдерге қойылған шектеуді пайдаланып, нарықтағы бағаны жасанды жолмен көтеруден бас тартпай отыр. Бұл мәселе тек жұртшылық арасында ғана сөз болып қоймай, соңғы кезде мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы билік органдарында да ашық айтыла бастады. Бірақ әзірге оның нәтижесі болмауда. Мәселен, 10 наурыздағы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Жамбыл Ахметбеков Премьер-Министрге депутаттық сауал жолдаған еді. Онда құрылыс нарығындағы ахуалды баындап, құрылыс материалдары бағасының үздіксіз өсуі тұрғын үй бағасына әсер етіп жатқанын айта келіп, бұл енді мемлекет есебінен салынатын мектеп, аурухана сияқты нысандардың құрылыс шығынын да ұлғайтатынын жеткізді. Оның айтуынша, 2020 жылдың қыркүйегінде 1 тоннасы 190 мың теңге

тұратын арматура енді 290-325 мың аралығында құбылып тұр. Ал 2021 жылдың қаңтарында «M-400» маркалы цементтің 1 тоннасы 18500 теңге болса, наурызда 21 мың теңгені құрады. Бұл өз кезегінде арматура мен цементтен жасалатын өзге материалдардың да бағасының күрт өсуіне түрткі болуда. Қазақстан құрылысшылар одағының мәліметіне қарағанда құрылыс саласы мамандарды былай қойғанда, арнайы білімі жоқ 242 мың жұмысшыға зәру болып отыр. Сондықтан құрылыс материалдарындағы бағаның қалыптасуынан бастап, шетелдік жұмыс күшіне қатысты талаптарға дейінгі 5 мәселені қамтитын 5 түрлі ұсынысты үкімет қарауына ұсынды. Одан кейін арада 3 ай өтсе де, Үкіметтің нарықты реттеуге шама-сы жетпеді. Жығылғанға жұдырық дегендей, енді бүкіл түркі дүниесінің орталығы деп жарияланған Түркістандағы ашылуына Мемлекет басшысының өзі арнайы қатысқан құрылыс нысандарында сапасыз материалдардың қолданылғаны бүкіл әлемге әшкере болып жатыр.

Айтпақшы, жылына 16,5 млн тонна цемент шығаруға қауқары бар республикадағы 15 зауыттың

былтыр орташа жүктемесі 65,5 пайызды құрапты. Соған қарамастан онда өндірілген 10,8 млн тонна цемент ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етуге артығымен жеткілікті. Ал олар қолда бар өнімді қымбатқа саудалап, нарықта монополия жасап отырғаны жакында үкімет отырысында да айтылып, шенділер егер өндірісшілер бұл бетінен қайтпаса, қайта нарықты ашатынын мәлімдеді. Үкімет пен өндіріс иелерінің бұл тірлігі ойынға ұқсап бара жатқанын, бүгінде көзі ашық оқырман жақсы біледі. Өйткені, үкімет қандай шешім қабылдаса да, одан өндіріс иелері ұтпаса, ұтылмайды. Ал нарықтағы баға айырмасынан ұтылатын тағы да қарапайым халық болып қала береді. Құрылыс компанияларының материалға кеткен шығынды өтеп алуға мүмкіндігі мол. Ал жиған-терген қаржысын жоспарланған құрылысына жеткізе алмай, еріксіз қаржы ұйымдарынан несиеленуіне мәжбүр боп жүрген халықтың шығынын ешкім толтыра алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПИРАМИДА

ҒАСЫР АЛАЯҒЫ

Алаяқтар құйтұрқы ойларын іске асыру үшін небір қулыққа барады. Олардың ішінде жай адамның ойына келмейтін, неше түрлі афералық әрекет істейтіндері де бар. Солардың бірі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шотынан 1 миллион доллар мен 40 миллион теңгені жымқырып кетіп, «ғасыр алаяғы» атанған – Светлана Киршова. Ол он алты жыл бойғы халықаралық іздеуден соң ұсталды. Оның жасаған қылмысы детектив фильмдердің күрделі сюжетіне ұқсайды.

2000 жылдардың басында Светлана Омбы қаласындағы базарлардың бірінде қарапайым сатушы болып жұмыс істеп жүреді. Сол жерде болашақ сыбайласымен танысады. Кейін қатарына тағы бір сыбайласын ертіп, Қазақстанның астанасына аттанады. Олар келе салысымен жалған фирма құрып, оған тіпті бір қызметкерді де жұмысқа қабылдайды. Сыбайлас топ қандай да конкурс ұйымдастырып, Светланаға ұқсайтын әйелді іздейді. Ұқсас адамды тапқан соң, оның төлқұжаты мен жеке мәліметтерін пайдаланып, жалған құжат жасап алады. Сөйтіп ол жарты жыл көлемінде басқа адамның аты-жөнімен өмір сүреді.

2003 жылы Светлана жалған құжаты арқылы Қазақстанның қазынашылық басқармасына жұмысқа тұрады. Түрлі айламен небәрі жарты жыл ішінде жұмыстағы мансабы жоғарылап та үлгерді. Солай кезекті бір жұмыс күнінде арам пиғылын іске асыру үшін жалған есепшотқа ақша аударып, екі сөмкемен банктен шығады. Киршова мен оның

сыбайластары қылмысты өте жоғарғы деңгейде істегендері соншалық, банк қызметкерлері оған ақша салынған сөмкелерді көлікке апаруға өздері көмектескен. Осы жағдайдан кейін Светлана өзіне күдік ұялатпау үшін жұмысқа баруын жалғастырмақшы болады. Бірақ жұмыста ұрлыққа қатысты тексеріс басталғанын есті сала, үйіне сұранып кетіп, сол кеткеннен 16 жыл ізім-қайым жоқ болып кетеді. Оны табу үшін халықаралық іздеу салынады. Сол уақыттан бері Киршова жасырыну үшін жеті қала ауыстыруға мәжбүр болған. Олардың ішінде екі қазақстандық қала да болған. Ол Астанадан шыққаннан кейін бірден Бұрабайға қашқан. Одан көлік арқылы Омбыға жеткен. Артынан Новосібір, Владивосток, Липецк қалаларында тұрып шыққан. Ең соңында Белгород облысындағы шалғай бір ауылды паналаған. Осы уақыт бойы ол ресми түрде ешқандай жұмыс істемеген. Ешқандай мүлік сатып алмаған. Туыстары және таныстарымен толықтай қарым-қатынасын үзген. Соңғы жасырынған ауылдағы көршілері Светланаң қылмыскер екені үш ұйықтаса түстерінде кірмегенін айтады. Олардың сөзінше, ол сыпайы, көмек сұрасан әрдайым қол ұшын созуға дайын тұратын көрші болған. Бұл жағдайда да Киршоваң кәсіби қимылдағанын аңғаруға болады.

2020 жылдың желтоқсан айында Светлана Киршова ресейлік тәртіп сақшыларының қолына түседі. «Айыпталушы 2004 жылдан бері федералдық іздеуде болған. Өткен жылы желтоқсан айында полиция

қызметкерлері оны Белгород аймағында ұстады», – дейді Омбы облысы бойынша ішкі істер министрлігі басқармасының басшысы Алексей Командыков.

Қылмыскердің екі сыбайласы оған дейін сотталып кеткен. Екеуі де қамалған. Қазіргі таңда, Светланаға қатысты алаяқтық, жалған құжат жасау, ірі көлемде қазына ақшасын жымқыру баптары бойынша қылмыстық іс қозғалған. Киршоваң өзін кінәсін толықтай мойындап отырған жоқ. Оның сөзінше, бұл іске оны сыбайластары итермелеген көрінеді. Ал Қазақстанның ауыл шаруашылығы министрлігі 23 миллион рубльді өндіріп беруді талап етіп отыр. Егер Светлана Киршоваң кінәсі дәлелденсе, ол 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Құқық қорғау қызметкерлері мұндай терең ойластырған алдаған арбауды бұрын-соңды тәжірибеде кездестіргендерін де айтып отыр.

Елімізде осыған дейін 200-ден астам алаяқтық әрекеттен байланысы бар сайт бұғатталған. Жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша заңсыз пирамидалық ұйымдарға қатысты 2 қылмыстық іс қозғалған. Тарихқа сүйенсек, ұрлықтың түбі әрдайым қорлық екені дәлелденген. Тіпті «ғасыр алаяғы» деген лақап атқа сай қылмыскердің өзі соншама жылдардан кейін бәрібір ұсталып отыр. Технология дамып, оны кері әрекетке пайдалануға да мүмкіншілік артқанмен, оның арты жақсы болмайтыны ақиқат.

Нұрканат АТАЖАН

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Тергеу органдары «Гарант 24 Ломбард» ЖШС, «Выгодный займ» ЖШС, «Estate Ломбард» ЖШС және «Нұр-Али Капитал» ЖШС басшыларына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтады. Қылмыстық іс сотқа жолданды.

Соңғы дерек бойынша, қаржы пирамидасынан зардап шеккендердің саны 17 мыңнан асады. Оларға 30 миллиард теңге залал келген. Қазіргі таңда 33 күдіктіге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Ал 6 күдіктіге халықаралық іздеу жарияланған. Күдіктілердің қылмыстық жолмен сатып алған мүлкіне және ломбардқа салынған мүлкіне түйен салынды. Прокурорлар қаржы пирамидасының қандай жолмен халықты алдап соққанын айтып берді. – «Гарант 24 Ломбард», «ESTATE Ломбард» және «Выгодный займ» ЖШС қызметкерлері азаматтардың сеніміне кіріп, қылмыстық схемаларды қолданған. Олар тұрғындарға жылжымалы және жылжымайтын мүлікті төлем мерзімін ұзарту шартымен (3 айдан 6 айға дейін) 20% бастапқы төлеммен нарықтық бағадан (10-20%-ға) жоғары баға бойынша сатып алуды ұсынған. Меншік құқығын қайта рәсімдегеннен кейін оны ломбард нарықтық бағадан төмен бағам сатқан. Бұған қоса халықтан ай сайын 30-40% есептеу шартымен депозит түріндегі ақшалар салымдар қабылданды. Бұл ретте екі жағдайда да ақша қаражатының қалдықтары қайта-

ГАРАНТ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА
«ГАРАНТ» БОЛА АЛМАДЫ

рылған жоқ, – деп хабарлады облыстық прокуратурадан. Қазіргі уақытта қылмыстық іс Ақтөбе қаласының №2 сотына қарауға жолданды. Адвокаттардың айтуынша, сот процесі бір жарым жылға созылуы мүмкін. Айта кету керек, соңғы кезде Ақтөбе облысында қаржы пирамидалары бірінен соң бірі әшкере болуда. Таяуда Ақтөбеде «Unique finance» қаржы пирамидасының ұйымдастырушылары сотталды. Алаяқтық схемадан Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе және Орал қалаларының тұрғындары зардап шеккен. Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар өздерін «Unique finance» шетелдік компаниясының өкілдері ретінде көрсете отырып, халыққа «Pepsi», «Nike», «Microsoft», «Ford» және «BMW» сияқты ірі халықаралық компаниялардың бағалы қағаздарына ақша инвестицияларды ұсынған. Оның орнына салымшыларға салынған соманың 6%-ы, жаңа серіктестің салым сомасының 5%-ы мөлшерінде ай сайының пайда уде етілді. Бұл ретте, ең минималды салым 1000 АҚШ долларын құраған. Бағалы қағаздардың орнына

халыққа жалған акциялар беріліп, олардың қаражатын қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар иеленіп отырған. Ұйымдастырушылар 3 және 3,5 жылға сотталды. Қазір нарықта азаматтарды өз жобаларына ақша салуға шақыратын криптовалюта, шетелдік компаниялардың акциялары, зергерлік бұйымдар, туристік жолдамалар, басқа тауарлар мен қызметтерді сататын компаниялар көбейіп кетті. Сонымен қатар, ақша табудың мұндай тез және оңай тәсілі үлкен қаржылық шығындарға әкеп соқтыруы мүмкін. ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің баспасөз қызметі қаржы пирамидасына тән бірнеше белгілерді атады. Мұндай ұйымдар шамадан тыс жоғары кіріске кепілдік береді. Алайда компанияда ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы мен меншікті қаражат болмайды. Төлем жаңа қатысушылардың ақшасы есебінен жүргізіледі. Салынған қаражатты қайтарудың нақты ережелері болмағандықтан, қызметі де айқын емес. Көбіне мұндай ұйымдар өзінің қатарына адамды көп тарту мақсатында әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы шулы ұрандары бар кең жарнамалық компания



жүргізеді. Сол себепті тұрғындар барынша абай болып, қаржы пирамидасына ақша салмас бұрын ойланғаны жөн. – Жыл басынан бері қаржы пирамидасына қатысты 31 дерек тіркеліп, тергелуде. Өткен жылы осы уақыт аралығында 9 дерек тіркелген еді. Бұл көрсеткіш интернет-алаықтың өткен жылмен салыстырғанда 3 есе өскендігін көрсетіп отыр. Мәселен, өткен жылы республика көлемінде қоғамға танымал болған «Гарант-24 ломбард» және «Выгодный займ» ЖШС-нің кесірінен 17 мыңнан астам жәбірленуші зардап шекті. Оның көбі – Ақтөбе қаласының тұрғындары. Олардың арасында қомақты қаражаттан бөлек баспаналары мен көліктерінен айырылып қалғандар да бар. Соған қарамастан қала тұрғындары әлі күнге дейін мессенджерлердегі шақырту сілтемелері арқылы пирамидаларға, яғни «vatcaip», «телеграмм» және т.б. мессенджерлер арқылы күмәнді онлайн-топтарға тір-

келіп, пайда табу үшін ақшаларын беймәлім есепшоттарға аударып, қосымша адамдар тарту арқылы оның көлемін арттыруға үміттенеді. Яғни, осылайша алаяқтардың торына түсіп қалғандары өздері де байқамай қалып жатады, – дейді Ақтөбе қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция майоры Әсет Қалиев. Сол себепті Ақтөбе қаласы полиция басқармасы қаржылық пирамиданың алдын алу мақсатында мұндай ұйымдардан ҚР Ұлттық банкінің лицензиясын, яғни мәлімделген қызметін жүргізу туралы лицензиясын сұрауға кеңес береді. Тіпті ресми құжатын көрсетсе де, оны қайта тексеруге ерінбеген жөн. Ал қаржылық пирамида екеніне көз жеткізіп, ақшаны қайтара алмаған жағдайда полицияға жүгінген жөн.

Жансия ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БАҒАСЫН ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАДЫ?



Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы, профессор: – Сауда капиталының бей-берекет әрекетіне қатысты мемлекет өзінің бақылаушылық функцияларының ешқайсысын іске асырып жатқан жоқ.

Мемлекеттік мекемелер олармен келісімге келіп отыруы да мүмкін. Қазір бізде тек құрылыс материалдары ғана емес, азық-түлік пен халық көп менің тұтынатын өзге де тауарлар бағасы шарықтап кетті. Профессорлық жа-лақымның тең жартысы тамаққа кетеді. Егер нарықта тұтынушылар тарапынан тауар мен қызметке деген сұраныс жалғаса беретін болса, экономикада тұрақсыздық орнайды. Мемлекеттік бюджет қаржысына салынатын мектеп, аурухана сияқты әлеуметтік нысандар ғана емес, тұрғын-үй құрылысы да біртіндеп азая бастайды. Сондықтан құзырлы органдар бағаны реттемейтін болса бұл ахуал өздігінен түзелмейді. Қазір кейбір компаниялар тұтынушылар есебінен абсолютті көлемде, өте жоғары пайда тауып отыр. Бұл нарық талабына қайшы нәрсе.

Елдос АБАҚАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі:

– Құрылыс материалдары дегенде металл, цемент, кірпіш және тағы басқаларын айтсақ болады. Жалпы, елімізде бұл материалдарды шығаратын мүмкіндік өте жоғары. Мәселен, қайта өңдеуге келетін және одан құрылыс материалдарын шығаруға болатын өндірістік қалдық өте көп. Осы бағытта жұмыс істеу керек. Бүгінгі таңда республикада 2 млрд тоннадан астам өндірістік қалдық жинақталған. Егер оларды қайта өңдейтін болсақ кірпіш және оған қатысты өзге де материалдарды өндіруге болады. Мысалы, тау-кен өндірісінің пештерінен шыққан өндіріс қалдықтардан бетон өндірісінде қолданатын қиыршық тас шығаруға болады. Егер осындай өндірістерді дамытуда логистика мен көлік мәселесі бойынша мемлекет тарапынан субсидия қарастырса, құрылыс нысандары табиғи емес өндірістік қалдықтардың негізінде жасалған ресурстарды қолданар еді. Бір сөзбен айтқанда, тұтынушыға валютамен емес, теңгемен қалыптасқан материал жеткізсек баға реттелетін болады.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОЙЫ БҰЗЫЛҒАН АДАМДЫ ТҮРМЕ ДЕ, ЕМ ДЕ ТҮЗЕМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жаңалық сарапшылар мен психологтар арасында да наразылық тудырып отыр. Айтуларынша, елімізде бұл санаттағы қылмыскерлерді еркіндікке шыққан соң бақылау мен оларды жұмыспен қамту бойынша нақты бағдарлама жоқ. Мамандар болжамы бойынша, қазір сотталған педофилдердің бостандыққа шыққаннан кейін бір жыл ішінде тағы да қылмыс жасау қаупі өте жоғары көрінеді.

Азғындардың 90 пайызы өзгермейді

Бүгінгі күні бас бостандығынан айыру орындарында тиісті бап бойынша екі мыңға жуық адам жазасын өтеп жатыр, олардың 20 пайызы – рецидивтік педофилдер, яғни кәнігі қылмыскерлер. Психологтар пікірінше, қылмысты қайталау қылмыскердің қоғамға қауіпті екенін көрсетеді.

Педофилдер бостандыққа шыққаннан кейін мінез-құлқына байланысты алты айдан үш жылға дейін полицияның бақылауында болады. Алайда үш жылдан кейін еркіндікте жүрген педофилдің есіне ескі әдеті біртіндеп келе бастайды. Психологтар балаларға азғындық жасайтындардың «ақылды» болатынын айтады. Олар тергеуші мен судьяның алдында өзін-өзі қалай ұстау керектігін өте жақсы біледі және бостандықтың алғашқы кезінде байсалды болғанымен, ерте ме, кеш пе ойы бұзылады, ниеті өзгереді. Қылмыскер бұл кезде қоғамның қалай әрекет ететінін түсінеді және алғашқыдай емес, абылай әрекет ете бастайды. Мұндай жағдайда оларға химиялық кастрация көмектеспейді. Сол үшін сотталып шыққан педофилдермен жұмыс істейтін психологтар қажет. Психологтар педофилдермен еркіндік алғаннан кейін емес, темір торға тоғытылған күннен бастап жұмыс істеген жөн. Олардың ойынша, балаға жыныстық зорлық жасаған адамдар көбінесе балалармен байланысты қызмет саласын таңдайды. Көп жағдайда адамның іші-бауырына кіретін ерекше қабілетке ие. Сондықтан кейбір елдерде педофилияны психикалық ауру ретінде қарастырып, қылмыскерлер бас бостандығынан айыру орындарында мәжбүрлі емнен өтеді. Яғни, елімізде тек қана жыныстық құқық бұзушылар үшін мамандандырылған режимдік мекемелер құру оңтайлы болмақ. Ол жерде жазасын өтеушілерге педофилия және басқа да жыныстық артықшылық бұзылыстары, садизм бойынша кешенді емдеу жүргізіледі. Бұл тәсілді қолданатын елдерде азғындардың азаюы байқалған.

Ата-аналар қылмысты жасыруға бейім

Быттыр балаларға қатысты үш жүзден аса зорлық-зомбылық қылмысы

тіркеліпті. Бұл тек белгілі болғаны. Ал құқық қорғау қызметкерлері жыныстық сипаттағы әрекеттерді ата-аналары көп жағдайда жасырып қалатынын айтады. Екіншіден, жәбір көргендердің көбісі психологтарға жүгінбейді. Осындай жағдайға тап болған балалардың жан дүниесінде жазылмас жара қалады. Зорлық-зомбылық көрген баланың өсе келе мінез-құлқында ауытқу болып, өзіне зиян келтіруі де мүмкін. Ең қорқыныштысы, бала күнгі көрген қорлығын өскенде өзі қайталауы да ғажап емес.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қызметкерлерінің айтуынша, пенитенциарлық пробация заңдарына сәйкес, қылмыскерді бостандыққа шығарар алдында бір жыл бұрын дайындық басталады. Егер сотталған адамның жеке басын қуәландыратын құжаты болмаса, зейнетақы, жәрдемақы бойынша құжаттарын рәсімдеуге мұқтаж болса, жәрдем көрсетіледі. Сондай-ақ, босатылғаннан кейін оның жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Еркіндік алған соң да оған жергілікті атқарушы органдар көмек көрсетеді.

Алайда құқық қорғаушылар бұл көмек педофилдің санасын өзгертуге септігін тигізе алмайтынын тілге тиек етеді. «Право» қоғамдық қорының жетекшісі Ольга Рылъ: «Бәрібір бостандыққа шыққандар қоғам үшін қауіпті. Себебі, олардың 90 пайызы өзгермейді. Бізге ұсынылған кейсте 24 жастағы адамның мас күйінде жасаған үкімін зерттедік. Онда қылмыскер бүлдіршінге қатысты ауыр қылмыс жасады. Яғни, ол жазықсыз баланы зорлаған. Біз бұл істен бірден бас тарттық. Өйткені, ол адаммен жұмыс түрмеде психотерапевт, психолог, терапевпен жүргізілуі тиіс. Бірақ бұл қызметтер кешені аймақ аумағында ұйымдастырылмаған. Психолог бар, оның жұктемесі көп. Сондықтан жазасын өтегендерді оңалту бағдарламасын қабылдамаса, жағдай ушығуы мүмкін», – дейді.

Өзге елдерде тәжірибе қалай?

Әлем елдерінде педофилдерді есірткіп қоймайды және оларға берілетін жаза да ауыр. Мәселен, Ұлыбританияда 2014 жылдан бастап көмекке толмағандарға әлімжеттік көрсету террористік әрекетпен теңестірілді. Польшада бірнеше жылдан бері Әділет министрлігінің сайтында педофилдер тізілімі бар. Одан бөлек, көмекке толмағандарға қатысты ауырлығы орташа жыныстық қылмыстар үшін кінәлі деп танылған 3 мыңға жуық адамның кеңейтілген тізімі жасалған. Балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін мұнда 15 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Көптеген поляктар бұл жаза қылмыскерлер үшін тым жеңіл екенін және педофилдерге еріктіден міндетті хирургиялық кастрациялауды талап етіп келеді.

АҚШ 1996 жылдан бастап педофилдерді химиялық кастрациялауды қолданады. Мемлекет заңына сәйкес, 13 жасқа дейінгі баламен жыныстық қатынасқа түскені үшін екінші рет сотталған кез келген педофил түрмеден босатылғаннан кейін міндетті түрде химиялық кастрация жасатуы тиіс. Сонымен қатар, АҚШ-та бостандыққа шыққан педофилдерге қатысты шектеу шаралары қолданылады. Еркіндікке шыққан бойда оларды тұрғылықты жері бойынша есепке қояды. Қайда тұратыны, сотталған педофилдің суреттері интернеттегі ұлттық деректер базасында ашық әрі қолжетімді. 14 штатта шартты түрде мерзімінен



бұрын босатылған қылмыскерлерге қатысты басқа қылмыстар үшін босатылғандарға қолданылмайтын бірқатар шектеу бар. Атап айтқанда, оларға көмекке толмағандардың жанында болуға, мектеп, балабақша жанында тұруға және жалпы балалардың жанына жақындауға тыйым салынған. Қылмыскерлер мезгіл-мезгіл жергілікті құқық қорғау органдарына келіп, мекенжайын көрсетіп, жұмысы туралы ақпарат беруі керек.

Көптеген штаттарда педофилдермен жыныстық қылмыс жасаған адамдар туралы ақпарат арнайы сайттарда жарияланады. Кейбір жағдайларда БАҚ-да жариялануы мүмкін. Сайттан басқа, тиісті мобильді қосымша бар. Қылмыскерлерді іздеуді аты бойынша да, кейбір жағдайларда қала, округ, мемлекет бойынша да жүргізуге болады. Осылайша, баланың ата-анасы немесе мектеп әкімшілігі адамның жеке басын тексеріп, айналасындағы адамдардың азғындыққа қатысты қылмыстар бойынша істі болғандардың өмір сүретінін біле алады. Сонымен қатар, сайтқа кірушілерге жыныстық зорлық-зомбылық туралы, өздерін және жақындарын осындай қылмыстан қорғау бойынша ақпарат береді.

Балаларға қатысты жыныстық қылмыстар үшін Ресей заңнамасында

4 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Қылмысын қайта жасаған педофилдер өмір бойына бас бостандығынан айырылып, мәжбүрлі химиялық кастрация жасалады. Медициналық ықпал етуді тоқтату сот шешімі бойынша мүмкін болады. Бұл заңның өзі ресейліктердің көңілінен шығып отырған жоқ. 2018 жылдан бастап бұл елде 14 жасқа толмаған балаларға қатысты қылмыс жасаған педофилдер үшін шартты мерзім тағайындауға тыйым салынды. Ал 12 жасқа дейінгі балаларға зорлық-зомбылық жасаған педофилдер өмір бойы темір торда отыруы тиіс.

Германияда педофилия психикалық ауру ретінде қарастырылады. Мұнда қоғамға қауіп төндіретіндерді мәжбүрлеп емдеу қарастырылған. Тіпті бұл ел сонау 1969 жылдан бастап ерікті хирургиялық кастрацияны жыныстық қылмыс жасаған адамдарды емдеудің бір әдісі ретінде қолдануда.

Көмекке толмаған балаларға аз-

ғындық жасағандарды өлім жазасына кесетін елдер де көп. Мәселен, Сауд Арабиясы, Қытай, Иран, Ирак, Оңтүстік Корея, Латын Америкасы мен Африканың көптеген мемлекеттерінде педофилия үшін бірден өлім жазасына кесіледі. Африканың бірқатар елдерінде мұндай азғындарды тірілей өртеп, дара асу секілді жаза түрлерін қоғамның өзі қолдайды.

Күн сайын бұрын-соңды естіп көрмеген талай сұмдықтар орын алып жатыр. Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты 2006 жылғы қызға өгей әкесі мен туған шешесі қорлық көрсеткенін естігенде, естен айырыла жаздады. Дәл осындай оқиға бұрын да қайталанған. Туған анасы алғашқы некедегі қаршадай ғана қызын күйеуінің қойнына салып, артына сыбайласып есөзкішелікпен айналыстырғанымен қоймай, өлтіруге тапсырыс берген. Өрімдей ғана қыз өмірінде бір қуаныш көрмей о дүниеге атпанды. Сол қылмысты жасаған ерлі-зайыптылар түрмеге тоғыстылды. Осындай халықтың қарғысын алған азғындар жұрттың ақишарына өмір сүріп, талай жылын темір торда өткізуіне қарсы. «Өмір бойына абақтыда отырғызу – азғындардың басынан сынау» дейтіндер көп. Алайда тергеу ісінің шынайы болғанына, соттың әділ үкім шығарғанына сенуге тағы болмайды. Бүгінгі күні ел игілігі үшін ең қатал заң қабылдайтын елдердің өзінде осындай қылмыспен талай жылын темір торда өткізгендердің ақталып жатқандары бар. Оның үстіне әр нәрседен күдік іздейтін қазіргі қоғамда жанашырлық жасаған әрбір әрекетің үшін сот алдында жауап беріп, ауыр жаза арқалап кетуің де әбден мүмкін.

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬДЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Жолдау – әр саланың жұмысына жан бітіруші, қоғамның қозғаушы рычагі. Содан болар жыл сайынғы жолдауды асыға күтеміз, алдағы күнге белгіленген мақсат-міндеттердің нәтижелі боларынан үміттенеміз.

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын кезекті жолдауында Президент «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды» деп сот, құқық қорғау саласының маңыздылығына тоқталды. Әрі заң үстемдігін орнатуға құқық қорғау жүйесінің үш буынды моделіне көшудің қажеттілігін алға тартты. «Бізге азаматтардың құқығын заманауи тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғары халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек. Қазақстанда өкілеттіктердің ара-жігі нақты ажыратылған үш буынды модель құру керек деп санаймын», – деді Мемлекет басшысы өз жолдауында.

Мұндай жүйе көптеген дамыған елдерде бар және ол өзін-өзі толық ақтаған. Құқық қорғаудың үш буынды жүйесі полиция, прокуратура және сот саласының бірлікте, үндестікте қызмет етуін қарастырады. Әрі қылмыс сапалы зерделеніп, әділ шешімін табуы үшін осы үш құрылымның басты міндеттерін белгілеп, функцияларын нақтылауды

да көздейді. Үш буынды модельдің озық тәжірибесі Германияда қалыптасқан. Сонымен бірге, Грузия, Эстония, Украинада да осы жүйе бір арнаға түскен. Мұнда полиция – қылмыстық істі ашып, айғақтар жинауға айналыса, прокуратура – істі бақылап, тергеудің тазалығына, мінсіздігіне мән береді, ал сот – іске соңғы нүктесін қойып, үкім шығарады.

Дәл осы модельді Қазақстанға енгізудің маңызы аз емес. Себебі, еліміздің құқықтық алаңында жоғарыдағы үш буынның ішінде прокуратураның құзыретін сүзгіден өткізу кезек күттірмейді. Қазақстандық модельде прокуратураның функциясы өзге елдердің қадағалау органына қарағанда төмендеуі. Бұл құзырлы орган тек іс сотқа жолданатын кезде ғана қылмыстық істің қалай жүргізілетініне бақылау жасайтын. Жаңа өзгеріске сай прокуратураның қызметі қайта пысықталып, бұдан былай қадағалаушы орган қылмыстық іс тіркелгеннен бастап құқықтық орбитаға ілінген азаматқа қатысты заңсыздықтың орын алмауына мүдделі болмақ. Үш буынды модель кезіндегі қылмыстық



процесс үш кезеңнен тұрады. Алдымен қылмыс анықталып, дәлелдемелер жиналады. Одан кейін жиналған дәлелдемелерге баға беру және айыптауды дайындау жүзеге асырылады. Соңында істі мәні бойынша шешу, яғни кінәлілігін анықтап, жаза тағайындау шарасымен түйінделеді.

Үш буынды модельдің озық үлгісін қалыптастыру мақсатында елімізде 2020 жылдың 19 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. 2021 жылдың I қантарынан бастап күшіне енген құжат шеңберінде құқық қорғау жүйесіндегі жаңа модельдің заңдық негізі жасалды. Соған орай ендігі жерде қылмыстық істерді процессуалдық шешімді прокурорлар қабылдайды. Үш буынды құрайтын үш құрылымға қойылған ортақ міндет – азаматтар құқығын мінсіз қорғау, сол арқылы елдің заң үстемдігіне деген сенімін нығайту.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, кез келген жаңалықты халықтың тосырқай қабылдайтыны рас. Медиация институтымен бірге дауды реттеудің жаңа жолы енгізілді. Медиаторлардың көмегімен дауласушылар өз мәселесін, дау-дамайын өздері реттей алады. Рәсім толығымен құпия өтеді. Негізі бұл жаңа институт болғандықтан, қоғамға судай сіңіп кету үшін әлі біраз уақыт керектігін 10 жылдық тарихтың өзі көрсетіп отыр.

– Татулық пен тұрақтылықты нығайтуды көздейтін медиация институты даму үстінде. Аталған заңға он жылда талай өзгерту мен толықтыру енгізілді. Ал оның нәтижесі қандай?

– Статистикаға шолу жасасак, заң қабылданғаннан кейін бір жыл өткен соң, яғни, 2012 жылы 100-ден аса іс бойынша дауласушылар өз шешімін медиатордың көмегімен реттей алған. Ал 2019–2020 жылдың өзінде карантинге қарамастан Халықаралық құқық қорғау орталығының медиаторлары жалпы құны 18 млрд теңгені құрайтын 2500-ден аса медиация рәсімін жүргізді. 2019 жылы 4 мыңнан аса дауды біздің кәсіби медиаторлар аз уақыттың ішінде реттеп, көмектерін тигізді.

2021 жылдың басында «Медиация туралы» заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізу үшін Парламент Сенаты мен Мәжілісінің жанынан жұмыс тобы құрылған болатын. ТМД елдері мен шет мемлекеттерде қолданыстағы медиацияға байланысты заңнама талаптары мен олардағы және қазақстандық тәжірибеде кездесетін қарама-қайшылықтарды басшылыққа ала отырып «Медиация туралы» заң мен басқа да заңнамаларға 30-дан астам толықтырулар мен өзгерістерді ұсынып отырмыз. Қазіргі таңда жұмыс тобы осы ұсыныстарды Мәжіліс депутаттарымен бірге талқылауда.

Медиация рәсімі – бұл бөлек дүние. Негізі кәсіби медиатор ешқашан «мен татуластырушымын» деп айтпайды. Өйткені дауласып жүрген, жалпақ тілмен айтқанда, бір-бірімен ұрысып-керісіп жүрген жандарды «татуластырушы» деген түсінік шошытып жіберуі мүмкін. Сонымен қатар көптеген елдің заңнамасында «мәліметтік кездесу» деген ұғым бар. Мен дәріс алған Испания елінің заңында сот дауласушы тараптардың арыз-шағымын қабылдамас бұрын, медиатормен кездесуге 45 минут уақыт бөледі. Кездесу барысында медиатор тараптарға медиациялық рәсімнің ерекшелігін, медиатор тұлғасының рөлін, оған қоса басқа сот, тергеу, т.б. рәсімдерден айырмашылығы туралы толық түсінік береді. Медиатор мәліметтік кездесуде дауды әрі қарай қазбаламайды. Егер сол 45 минуттық кездесуде тараптар медиация рәсімінде қалмаған немесе қалғысы келмеген жағдайда, медиатор мәлімет, яғни біздің тілмен айтқанда, анықтама жазып береді. Анықтамада дауласушы тараптардың 45 минуттық кездесуде жеке-жеке немесе бірге болғанын көрсетеді. Тараптар сотқа жүгінуді жөн көрсетсе, себебін де көрсетпестен, әрі қарай сотқа барғанды қалады деп өзінің мөріні басып, қолын қояды. Испанияда осындай анықтаманы талап-арызға қосып қана сотқа жүгіне алады. «Медиация туралы» заң қабылданғалы бері осы форматты көп жерде айтып жүрміз. Сондай-ақ, қоғамда сотқа дейінгі медиация, сотқа дейінгі міндетті медиация деген түсінік бар. Құқық қорғаушы ретінде айтармын – медиация рәсіміне ешкімді де мәжбүрлеуге болмайды, өйткені медиация – ерікті рәсім.

Заңда бұрын-соңды көзделмеген нормалар да қарастырылған. Мысалы, 3-бапқа «еки тарап» деген сөз жазылған. Осы күнге дейін 1200-ден астам медиация рәсімін жүргізген медиатор ретінде көзімнің жеткені – дауласушылар кей жағдайда екеу емес, үшеу, төртеу, жетеу болып жатады. Бұған дейін ұсыныс жасаған едік, бүгінде заң шығарушы органның назарына жетіп, өзгертуді қолға алып жатыр. Тағы бір өзгерту медиатор тұлғасының этикалық нормасына қатысты. Нотариат, адвокаттар, сот орындаушылары, заң кеңесшілері сияқты медиаторлық ұйымдарды да бір палата етіп құруды ұсынып отырмыз. Себебі, бүгінде Қазақстан бойынша 70-тен аса медиаторлық ұйым бар. Нақты санын ешкім білмейді. Кейбір ұйымдар 10-15 адамнан құрылған, кейбірінің құрамы көбірек, біздің орталық сияқты 1-2 ұйымның мыңнан аса рәсімді медиаторы бар. Кейбір ұйымдарда медиаторлардың реестрі де қарастырылмаған. Ал заң бойынша, медиаторлық ұйымда міндетті түрде реестр болуы тиіс. Әр ұйымның медиатор болуға дайындаудан бастап, қызмет көрсетуге дейінгі форматы әртүрлі. Қырғызстанда «Медиация туралы» заң 2017 жылы қабылданды. Келесі жылы-ақ, Қырғыз медиаторларының бірыңғай этикалық кодексі және Медиацияны дамыту концепциясы қабылданды. Ал бізде заңның қолданысқа енгеніне 10 жыл, алайда мұның бірі де жоқ.



Жандилдә ЖАҚЫПОВ, «Қазақстан медиаторлар қауымдастығы» ЗБТ төрағасы:

«МЕДИАТОРЛАР ЖЕТІМ БАЛА СИЯҚТЫ»

Басқа да көптеген мәселелер ұсынылды. Солардың бірі – Беларусь елінде медиатор болу үшін медиациялық сертификатты арнайы оқудан өткен кезде нотариус, қорғаушылар сияқты Әділет министрлігі табыс етеді. Көршілес Ресейде медиатор дайындау курсы Білім министрлігінен арнайы лицензия алған ұйымдар жүргізеді. Ұсыныстардың ішінде медиатордың кәсіби біліктілігін арттыруды да өзекті мәселе етіп көтеріп отырмыз. Мысалы, Қырғызстанда медиаторлар екі жыл сайын семинар-тренингтен өтіп тұрады. Ресейде, Беларусь Республикасында да сондай талап қойылады. Ал біздің Қазақстанның заңында ондай дайындық қарастырылмаған. Яғни, он жыл бұрын сертификат алып, одан кейін ешқандай дайындықтан өтпестен жүре беруге болады. Алайда нотариус, адвокат, заң кеңесшілеріне арналған заңнамада бір, екі жыл сайын кәсіби деңгейді арттырып отыру қажеттігі нақты көрсетілген. Медиаторларда ондай жоқ. Білікті мамандардың арқасында ғана медиация институтының абыройында делі асқақтай түспек. Осы жағдайларды реттеу үшін жұмыс тобы жоғарыда аталған өзгерістерді ұсынып отыр.

– Қазақстанда медиация институтын дамыту, сот жүйесінің рөлін арттыру мақсатында енгізілген пилоттық жобалардың артықшылығы мен кемшілігі қандай?

– Артықшылығына келсек, Жоғарғы Соттың қолдауының арқасында медиация институты өте жақсы дамуда. Жоба барысында түсірілген сюжеттер, жасалған жарнамалық мәліметтер арқылы халық бұл рәсім туралы ақпарат алып, құқықтық сауатын арттырды. Кемшілігіне келсек, осы жобалардың атауына байланысты қоғам медиацияны татуластыру рәсімінен шатастырып, толық мәлімет ала алмай жатыр.

Шығыс Қазақстан облысында өткен екі күндік үлкен конференцияда үш спикер – Лилия Власова (Беларусь), Гулсина Қожамжарова (Қырғызстан) және мен үлкен мінберден медиация рәсімін татуластыру рәсімінен шатастырмауды өтінген едік. Медиация – тек қана татуластыру рәсімі емес. Татуластыру – оның жүз шакты бағыттарының бірі ғана. Бұл – тәуелсіз жеке тұлғалар таңдаған медиатордың көмегімен дауды өз еріктерімен реттеу тәсілі.


Сосын «Сотқа дейін татуластыру» рәсімін судья жүзеге асырады. Егер іс сотқа түсіп, татуластыру сотта жүзеге асырылса, оны қалай сотқа дейін деп атауға болады? Медиация – таза татуластыру рәсімі емес. Осындай терминдермен көбіне медиация рәсіміне жүгінетін немесе жүгінсем деп жүрген тұлға қателесіп кетіп жатады.

– Азаматтардың кез келген дауды соттан тыс шешу барысында ымыраға келуге дайын болуы медиаторлар қызметіне де байланысты болмақ. Ол үшін медиатор қандай болуы керек?

– Медиатор – тәуелсіз, бейтарап жеке тұлға. Тараптар медиаторлық ұйымның немесе жергілікті атқару органының реестрін кәсіби медиаторды таңдап алады. Заң бойынша, 40 жастан асқан адам

кәсіби емес немесе қоғамдық медиатор болы алады. Ал Қазақстан Үкіметінің 2011 жылғы 3 шілдедегі №770 қаулысына сәйкес, кәсіби медиатор – арнайы дайындықтан өткен, емтихан тапсырып, сертификатқа ие болған кез келген жоғары білімді тұлға.

«Медиация туралы» заңның 20-бабының 1-бөліміне сәйкес, медиация рәсімі дауға қатысушы тараптардың арасында келісімшартқа қол қойғаннан кейін басталады. Келісімшартта медиацияның қағидалары, тараптардың келіскен тілі, өткізілетін орны, бірінші кездесудің уақыты, құпиялық шарты, меди-



